


**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ**

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы
Кафедра: Гигиена – 1 және эпидемиология кафедрасы**

9- дәріс.

**Балаларды сауықтыру лагерлерінің жоспарлануы мен
абаттандыруына қойылатын гигиеналық талаптар.**

**Балалар мен жасөспірімдер ұжымдарында жазғы
сауықтандыру жұмыстарын ұйымдастырудың
гигиеналық сұрақтары.**



Лектор: Жумадилова Ақмарал Рахматуллақызы

Шымкент 2016ж.

Жоспары:

- Кіріспе.
- Негізгі бөлім.
- А) Жазғы сауықтыру мекемелерінің құрылысы мен жоспарлануының гигиеналық принциптері.
- Б) Жазғы сауықтыру мекемелерін көгалдандыру мен жоспарлануына қойылатын гигиеналық талаптар.
- В) Балаларды сауықтыру объектілеріндегі жер теліміне қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар.
- Қорытынды.
- Пайдаланылған әдебиеттер.

Жазғы сауықтыру мекемелерінің құрылысы мен жоспарлануының гигиеналық принциптері. Ғимараттар мен құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар.

Тұрғын үй-жайлар оңаша ғимараттарда немесе ғимараттың оңаша бөліктерінде орналасады. Балаларды сауықтыру объектілеріндегі тұрғын бөлмелердің терезелерін орналасу орнына байланысты көкжиек жақтары бойынша бағыттау керек: екінші В және екінші Г климаттық аймақтарда 70 градустан (бұдан әрі 70 градустан -290-ға дейін- екінші А және В солтүстік ендіктің климаттық аймақтарында). Ас блогының тамақ пісіретін залының терезелерін солтүстік ендіктің барлық климаттық аймақтарында 290-нан 70 градусқа дейінгі шектерде бағыттау керек.



Әрбір топта тұруға арналған үй-жайлар болуы тиіс. Бір ғимараттың оқшауланған блогында жалпы саны 100 адамнан аспайтын төрт отряд орналастыруға болады. Әрбір топтың тұратын үй-жайларда учаскеге шығатын жеке есігі болуы тиіс. Жасы 8-ден 18-ге дейінгі балалар үшін бір тұрғын бөлмедегі орын саны 5-тен артық емес, ал 6-7 жастағы балалар үшін бір адамға 4м^2 есебінен 10 орыннан аспауы тиіс.

Балаларды қабылдауға арналған үй-жайларға вестибюль, қабылдау бөлмесі, медициналық пункт кіреді.



Медициналық пунктке:

- Изолятор
- Дәрігер кабинеті
- Тіс дәрігері кабинеті
- Емшара кабинеті
- Мейірбике кабинеті
- Шлюзде қолжуғышы бар дәретхана болуы тиіс.



Сауықтыру объектілерінде орталықтандырылған асхана, тамақтанатын залдар және де жеке кіретін есіктері бар қол жуатын бөлмелер болуы тиіс. Тамақтанатын залдың алаңы балаларға бір мезгілде қызмет көрсеткенде (бір ауысым) бір орынға $1,0\text{м}^2$ есебінен болуы тиіс. Балаларды сауықтыру объектілері сапалы ауызсумен қамтамасыз етілуі тиіс, ыстық сумен ас блогының өндірістік үй-жайларда, кір жуатын, тұрмыстық, ванна, себезгі, қол жуатын бөлмелер, аяқ жууға арналған жуғыштар, қыздарға арналған жеке гигиена кабиналары, медициналық пункт қамтамасыз етіледі.



Балалар мен жасөспірімдердің жазғы салауаттандыру мекемелерінің гигиенасы


- Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет жазғы салауаттандыру мекемелеріне ескертпелі және ағымды санитарлық бақылау жүргізеді.
- Ең алдымен барлық бақылауға жататын жазғы салауаттандыру орындары тізімге алынады. Ол үшін әрбір лагерьдің нақты санитарлық жағдайын көрсететін санитарлық төлқұжат толтырылады. Ескертпелі және ағымды санитарлық бақылау жүргізген кездерде қажетті өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.



Орталықтандырылған кәріз жүйесі жоқ аудандарда балаларды сауықтыру объектілерін орналастырған кезде жергілікті шайынды суды шығару және тазалау жүйесі құрылғысын салады немесе орнатады. Жергілікті кәріз жүйесін таңдау және құру туралы мәселе тиісті аймақтардағы мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қызмет органдарының санитарлық эпидемиологиялық қорытындысы негізінде шешіледі. Жаңадан салынып жатқан балаларды сауықтыру объектілерін жылумен жабдықтау, жылыту және желдетуді жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес жобалаған дұрыс. Жыл бойы жұмыс істейтін ғимараттардың тұрғын бөлмелердегі ауаның температурасы 18 градустан төмен болмауы, изолятор палаталарында +20 градус, вестибюльде +16 градус болады.



Жазғы тамақтанатын залдарды асханалық өндірістік үй-жайлары мен орталықтандырылған ас үйлерін механикалық іске қосылатын сору желдеткішімен жабдықтаған дұрыс. Ғимараттың барлық түрлеріндегі себезгі бөлмелер мен дәретханалардың жеке сору желдеткіші болуы тиіс. Балаларды сауықтыру объектілерінің барлық негізгі үй-жайларында табиғи жарық болуы тиіс. Ал жыл бойы жұмыс істейтін ғимараттарда люминесцентті шамдарды қолдану ұсынылады. Жатын бөлмелерді жарықтандыру үшін жарықтан қорғайтын арматурасы бар шамдар қолданылады.



- Балаларды сауықтыру объектілерінің негізгі үй-жайлары, қабырғалары, төбелері, едендерінің беттері оларды тазалау мен дезинфекциялауға ыңғайлы, тегіс болуы тиіс. Ас блогының өндірістік және қойманың қабырғалары глазуrlenген плиткалармен қапталады немесе 1,8 метр биіктікке дезинфекциялық құралдарды пайдалана отырып жүйелі тазалау мен ылғалды жинауға ыңғайлы ылғалға төзімді материалдармен сырланады (дәліздері 1,5 метр биіктікке).
- Жазғы сауықтыру мекемелерін көгалдандыру мен жоспарлануына қойылатын гигиеналық талаптар.
- Сауықтыру мекемелерінің аумағы арқылы қалалық (ауылдық) мақсаттағы магистральдік инженерлік коммуникациялар (сумен жабдықтау, кәріз, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау) өтпеуі тиіс.



Қала сыртындағы жаңа сауықтыру мекемелерін жобалау және салу кезінде оларды:


- жел ығын есепке ала отырып;
- шу және атмосфералық ауаны ластау көздерінің жел жағына;
- ластау көздеріне қатысты су айдынының ағымы бойынша жоғары;
- орман алаптары мен су айдындарының жанына орналастырады.




- Қала сыртындағы жаңа сауықтыру мекемелерін жобалау және салу кезінде негізгі құрылыс аймағының өлшемдерін 1 орынға 150-200 м² есебінен қабылдау керек. Балаларды сауықтыру объектілері балалар саны 25 баладан аспайтын топтарға жинақталады.
- Балаларды сауықтыру объектілерінің әрбір ауысымы бір мезгілде барлық балалармен жинақталады. Ауысымдар арасындағы үзіліс кем дегенге 2 күн болуы тиіс. Осы кезде барлық үй-жайларды ауқымды жинау және санитарлық тазалық жасалады.



- Балаларды сауықтыру объектілеріндегі жер теліміне қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар.
- Балаларды сауықтыру объектілерінде балалардың дем алуы және сауығуы үшін жеке жер телімі болуы тиіс. Участке құрғақ, таза, желденетін, күн сәулесі жақсы түсетін, оның орналасуы жыл маусымына байланысты, жел бағытының өзгеруін ескере отырып шу және атмосфералық ауаны ластау көздерінің жел жағында және лаустау көздеріне қатысты су айдынының ағынынан жоғары орналасуы тиіс.
- Балаларды сауықтыру объектілерінің жер учаскесінен тұрғын үй құрылысына дейінгі арақашықтық кемінде 500 метр болуы тиіс. Желдің жылдамдығы секундына 5 метрден асатын аудандарда балаларды сауықтыру объектілерінің телімінің ені кемінде 50 метр биік болып өсетін ағаштар және бұтақты өсімдіктермен қорғалады. Участкеге кіретін ыңғайлы жолдар болуы тиіс.




- **Учаске аймағында мынадай аймақтар бөлінеді:**
- 1. Негізгі құрылыс.
- 2. Коммуналдық шаруашылық мақсаттағы ғимараттар.
- 3. Инжинерлік құрлыстар.
- 4. Қызмет көрсететін персоналдық тұрғын ғимараттары.
- 5. Жеке көлікке арналған автотұрақ.




- Жер телімінің өлшемдерін бір орынға кемінде 150-200 м² есебінен қабылдау керек. Балаларды сауықтыру объектілері жақын орналасқан бақшалар мен орманды саябақтарды пайдалануға мүмкіндігі бар, таулы аудандарда, курортты аймақтарда орналастырғанда учаске алаңын көп дегенде 25 пайызға қысқартуға болады. балаларды сауықтыру объектісінің негізгі құрылыс учаскелері кемінен 0,9 метр биіктікте қоршалады және кемінде 2 кіретін есігі (негізгі, шаруашылық) болады. Коммуналдық-шаруашылық аймақтарында жылыту қазандығы сумен қамтамасыз ету құрылыстары, кір жуатын орын, гараж, көкніс сақтайтын қойма, оранжереялық жылжайлар шаруашылығы, азық-түлік материалдық тауарлар қоймалары, жөндеу шеберхналары, автотұрақтар орналасады. Коммуналық-шаруашылық мақсаттағы құрылыстық учаскесінің қоршау болуы және балалардың оған кіруіне мүмкіндік бермейтін болуы тиіс.



- Аймақтық көгалдандыру алаңы негізгі учаскесінің кемінде 60 % құрауы тиіс. балаларды сауықтыру объектілері орман немесе саябаққа жақын орналастырылған жағдайда көгалдандыру аймағын 50 % қысқартуға болады. Аумақтан майда жеміс тұқымдарын немесе улы жемістер беретін, балаларға аллергия тудыратын өсімдіктерді, тікенді бұталарды егуге жол берілмейді. Балалар объектілерінің негізгі құрылыс учаскеісінде денешынықтыру, сауықтыру және спорт құрылыстары қарастырылады. Олардың 1 орынға кемінде 20 м² есебінен қабылдайды. Денешынықтыру-сауықтыру алаңдары жасыл алқапқа, су айдындарының жанында орналастырылуы тиіс.



- Денешынықтыру-сауықтыру алаңдарын пайдаланғанда мынадай эпидемиологиялық талаптарды сақтау қажет:
- 1. Спорт алаңына балалар тек спорт киімімен және тек спорт аяқ киімімен жіберіледі.
- 2. Алаңдағы жылжымалы спорт құралдары мен ой-шұңқырлар қоршалады.
- 3. Ауа-райы құрғақ болғанда алаңдардың үстін және алаңдардың шөп төсенішін ойын басталардан 20 мин бұрын суару қажет.
- 4. Балалар спорт жабдықтарын дұрыс және қауіпсіз пайдалануды үйренеді.



- Балалардың демалуына және шомылуына арналған аумақ қоқыстан, тастардан тазартылады. Порттарға, шлюздерге, гидроэлектростанцияларға, шайынды су жіберетін орындарға, мал тұрағына және басқа да ластау жерлерден алыс кемінде 500 м арақашықтықта жоғары орналасады:
- 1) Жағажайларды шаруашлық сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғаныш аймағының бірінші белдігінің шекарасында орналастыруға болмайды.
- 2) Жағажайдың аумағын таңдаған кезде қолайсыз және қауіпті табиғи факторлардың (көшкіндер, сырғымалар, опырылып құлау) мүмкіндігін болдырмау қажет. Жағалау жарсыз, шұңқырсыз болуы тиіс және күн жақсы түсетін алаңдар болғаны абзал.
- 3) Шомылатын жерлерде су айдындарының температурасы төмен және жылдам су иірімдері, үлкен толқындар болмауы тиіс.
- 4) Судың ағу жылдамдығы 0,5м/с аспауы тиіс. Су айдынының түбі құмды, балдырдардан, бұтақтардан, үшкір тастардан таза болу тиіс. Судың балалар шомылатын жерінің тереңдігі 0,7-1,3 м болуы тиіс.
- 5) Жағажай алаңы ең кіші өлшемі 1 орынға 4м² болуы тиіс.

- Жағажайдың аймағында күннен қорғайтын қалқандар, сырланған жататын орындар мен орындықтар, себезгілер, киім ауыстыруға арналған кабиналар, ауызсу бұрқақтары мынадай есеппен жабдықталады:
 - 1) 50 адамға киім ауыстыруға арналған 1 кабина.
 - 2) 40 адамға 1 себезгі кабина.
 - 3) 75 адамға санитариялық аулалық қондырғыда 1 тесік.
 - 4) 100 адамға 1 ауызсу бұрқағы.



- Санитарлық-аулалық қондырғылар су айдынынан кемінде 50м, ал жағажай шекарасынан кемінде 30 м арақашықтықта орналасады. Ауызсу бұрқағы ағынының биіктігі 15-20 см болуы тиіс.
- Жағажайлар балалардың жас ерекшелігіне қарай ойнайтын құрылғылармен емшараны дозалап қабылдау үшін соляриймен, аэрарийлермен жабдықталады.
- 1) аэрарийлер мен аэросолярийдегі орын саны жағажайдағы жалпы орынның 50 % құрайды.
- 2) аэрарийлер мен аэросолярийдің алаңы 1 орынға 2,5-3 м² есебінен есептеледі.
- 3) жағажайларда медициналық көмек пункты қарастырылады.
- Инфекциялық аурулардың алдын алу және бассейндер суының тазалығын қамтамасыз ету мақсатында персонал жеке гигиена ережелерін сақтауы тиіс және арнайы ҚР қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялық құралдарын қолдана отырып тазалайды және дезинфекциялайды. Бассейндегі судың коли-индексі 10-нан артық болмауы, 1 мл-де сапрофиттің саны 100 артық болмауы, аммиак 0,05мл/л-ден жоғары емес, тотығуы 4мг/л-ден жоғары болмауы тиіс.

- Жыл сайын әрбір салауаттандыру мекемесіне, балалардың жазғы демалыс кезеңінде қажетті санитарлық жағдайды қамтамасыз ету үшін, жоспартапсырма жасалады. Оның негізінде:

- а) қажетті нормалық құжаттардың мәліметтері;
- б) объектінің санитарлық төлқұжаттары;
- в) объектінің ескертпелі және ағымды санитарлық бақылау мәліметтері;
- г) мекемеге қызмет ететін педиатрлардың есеп беруі т.б. алынады;



Әрбір маусым ашылар алдында, СЭС бас дәрігерінің қолы қойылған балаларды лагерьге қабылдауға рұқсат қағаз беріледі. Әрбір маусым ұзақтығы 21-26 күн. Лагерьге қосымша бала қабылдау жұмысы да СЭС рұқсатымен жүргізіледі. Екі кезеңнің арасында жалпы санитарлық жуып-тазарту жұмыстарын жүргізу үшін 2 күндік үзіліс болуы керек.



Әдебиеттер

- Неменко Б.А. Оспанова Г.К Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы(Оқулық).- Алматы 2002.344б.
- Кучма В.Р. Гигиена детей и подростков., М., Медицина, 2004.,
- <https://kk.wikibooks.org/wiki/>
- Ерманова С.А, Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы

